

## Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 874 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 21-1 және 43-1-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж о л д а у д ы ;

2) осы бұйрықты «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми түрде жариялауды және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды камтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р*

*полиция генерал-полковнигі*

*Қ. Қасымов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 9

қ а з а н д а ғ ы

№ 874 бұйрығына қосымша

## Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Төтенше жағдайлардың қаупі, туындауы немесе жоюы кезінде ақпаратты беру жөніндегі Нұсқауды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2009 жылғы 22 маусымдағы № 137 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5728 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2009 жылғы № 8 және 9 жарияланған).

2. «Сараптау ұйымдары үшін мамандардың арнайы оқыту курстарынан өту шарттары мен тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2010 жылғы 27 қарашадағы № 414 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6726 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан»

газетінде 2011 жылғы 8 ақпандағы № 39-40 (26442) болып жарияланған).

3. «Мамандандырылған оқу ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2010 жылғы 27 қарашадағы № 415 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6727 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 5 ақпандағы № 38(26440) болып жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8710 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 31 қазандағы № 243 (28182) болып жарияланған).

5. «Төтенше жағдайлардың қаупі, туындауы немесе жоюы кезінде ақпаратты беру жөніндегі нұсқауды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2009 жылғы 22 маусымдағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 565 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9077 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 6 ақпанда жарияланған).